



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТ ТӨРІНЕН КӨРІНДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Өнер орталығында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Еңбек күніне арналған «Адал еңбек – адал азамат» атты салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Н.Байқадамов пен М.Әбенев, жауапты сала басшылары, қала, аудан әкімдері, еңбек ардагерлері, зиялы қауым, шаруашылық өкілдері қатысты. Аймақ басшысы қажыр-қайратын еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсаған нағыз еңбек адамдары барлық құрметке лайық екенін атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккеш және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деді. Бұл

- экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудегі стратегиялық қадам. Ұлтымыздың ұлы мұраты жолында, еңбек майданында ата-бабаларымыз тер төкті. Олардың арасынан 1792 Социалистік Еңбек Ері шықса, 102-сі - Сыр өңірінің еңбеккерлері. Өз мектебін

құрып, шәкірт тәрбиелеген, Сыр күрішінің даңқын асқақтатқан дала академигі, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаевтың, Сәлима Жұмабекованың орны ерекше. Осындай ұлы ұстаздың тәлімін алған, бала тәрбиелеп, ұлтжандылықпен қызмет атқарған Шырынқұл Қазанбаева, Ұлбала Алтайбаева бастаған Сырдың батыр аналарының қажырлы еңбегі ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Алдыңғы буынның өнегелі ізін жалғап, Тәуелсіз еліміздің тарихында «Қазақстанның Еңбек Ері» атанған Роза Бағланова, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Асқар Жұмаділдаев, Юрий Пя, Абзал Ералиев, Имамзада Шағұртаев сынды

жерлерестімізді әрдайым мактан етеміз. Егемен еліміздің жарқын болашағы жолында Отанымызға адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу – біздің қастерлі міндетіміз! Баршаңызды мерекемен тағы да құттықтап, облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін Сыр жұртшылығының, Өзімнің атымнан шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін», - деді Н.Нәлібаев.

Еңбек адамдарын ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған шарада әр номинация бойынша қаржылай сыйақы табысталды. Атап айтсақ, «Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері», «Өндірістің үздік жас маманы» номинациялары жеңімпаздарына 1-орынға 500 мың теңге, 2-орынға 300 мың теңге, 3-орынға 200 мың теңгеден берілді. Сала үздіктеріне, яғни коммуналдық және басқа да салаларда қызмет ететін 15 маманға облыс әкімінің Алғыс хаты және 500 мың теңгенің сертификаты табыс етілді. Сонымен қатар, өз саласының үздігі деп танылған 15 еңбек майталманына облыс әкімінің Алғыс хаты, Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығының шипажайға жолдамасы ұсынылды.

Айта кетейік, шарада «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы жеңімпаздарына 19 арнайы коммуналдық техника, тірек және серіктес елді мекендер санатына кірмейтін ауылдардың абадтандыру жобаларын қаржыландыруға 15 млн.теңгенің сертификаттары берілді.



ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЖАҢА ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың өкімімен қала әкімінің орынбасары лауазымына Ділмұхамед Мнуарбекұлы Абизов тағайындалды. Шаһар басшысы жаңа орынбасарын кадрлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында таныстырды.

Ділмұхамед Мнуарбекұлы 1978 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін «Тау-кен инженері», Ақмешіт гуманитарлық-техникалық институтын «Экономика» мамандықтары бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1997 жылы «Сырдария Мұнай» АҚ-ның бұрғылаушысы болып бастаған.

2001-2016 жылдары «Харрикейн Құмкөл Мұнай» ААҚ оператор болып жұмыс істеген және түрлі кәсіпкерлік салаларында қызмет атқарған. 2016 жылдан бастап «Dalatex» серіктестігінің директоры. Қалалық мәслихаттың 7 және 8-ші шақырылым депутаты

болды.

Ділмұхамед Мнуарбекұлы «Байқоңыр» ӨӘК» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің төрағасы, «Qaz Textile Industry» өзін-өзі басқару ұйымының директорлар кеңесінің төрағасы, Қызылорда Өңірлік инвестициялық орталығының бақылау кеңесі төрағасы болып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан. 2021 жылы «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік наградалармен марапатталған.

Ділмұхамед Мнуарбекұлы кәсіпкерлік және өнеркәсіп, қоғамдық даму, мәдениет және тілдерді дамыту, дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімдеріне жетекшілік жасайтын болады.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 3500 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.



АРДАГЕРЛЕР ҚАЛАДАҒЫ НЫСАНДАРМЕН ТАНЫСТЫ

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай облыс ардагерлері өндірістік және инфрақұрылымдық жобалармен, іске қосылған нысандар жұмысымен танысты. Алдымен «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Заманауи орталық бір мезетте 500, тәулігіне 3 мыңға дейін оқушы қабылдай алады. Мұнда бассейн, фитнес және гимнастика залдары, үстел теннисі, жекпе-жек және үстел ойындарына арналған бөлмелер бар. Сонымен қатар, кескіндеме, сурет, сәндік-қолданбалы өнер, робототехника, жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

Келесі нысан – «Қызылорда-Нан» ЖШС-ның нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешені. Қазіргі таңда үш өндірістік цех іске қосылған, алдағы уақытта печенье цехы жұмысын бастайды. Өнімнің 30%-ы кәсіпорынның жеке сауда желісі арқылы сатылады, қалғаны қала мен ауылдарға жеткізіледі. Жобаға 5 гектар жер беріліп, инфрақұрылым тартылды. «Қазақстан Халық банкінен» алынған 1,2 млрд теңге жеңілдетілген несиенің пайыздық мөлшерлемесі мемлекет тарапынан субсидиялануда. Бүгінде мұнда 120 адам еңбек етсе, болашақта олардың саны 150-ге жетпек.

Одан кейін ардагерлер жаңа

жылу-электр орталығының құрылыс барысымен танысты. «Akxa Energy» түрік компаниясымен бірлескен жоба аясында қуаттылығы 240 МВт болатын нысан салынууда. Орталыққа General Electric (АҚШ), Doosan Skoda (Чехия), AC BOILERS (Италия), Mimsan (Түркия) компанияларының қондырғылары жеткізілген. Құрылыс жұмыстарының 80%-ы аяқталып, газ тарату станциясы мен 45 шақырым газ құбыры салынды. Биыл алғашқы газ турбиналық қондырғы мен екі жылу қазандығы іске қосылса, қалғаны 2026 жылы пайдалануға беріледі. Ардагерлер қалалық мәдениет және демалыс паркін, Президент саябағын қайта

жаңғырту жұмыстарында көрді. Жаңа коммуналдық базарды, «Қызылорда САЗ-М» кірпіш зауытын, музыкалық колледждің жаңа ғимаратын, физика-математика мектеп-интернатын және 11 мың орындық жаңа стадионды аралап шықты.

Мереке орай қала мен аудандардан келген ардагерлердің басын қосқан салтанатты шара ұйымдастырылды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев ел ағалары мен ақ жаулықты аналарды мерейлі мерекемен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Азаматтардың әл-ауқатын арттырудың басым міндеті – зейнетақы жүйесін жетілдіру. Қажырлы ардагерлердің қоғамға үлесін ынталандыру маңызды. Халықтың орташа өмір сүру жасы 75-тен асты, бұл – әлеуметтік саясаттың жетістігі» - деген болатын.

Өңірімізде қазыналы қарияларды жан-жақты әлеуметтік қолдау, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыс атқарылууда. Соңғы үш жылда жылына

бір рет төленетін әлеуметтік көмектің көлемі Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 1,5 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге, оларға теңестірілгендер мен тұл ардагерлеріне 90 мыңнан 196 мың теңгеге ұлғайды. Биыл 1 700-ге жуық ардагерге 322 млн. теңге көлемінде бір реттік әлеуметтік көмек көрсетілді. Облыста бірнеше жылдан бері «Сыр мейірімі» жобасы жүзеге асуда. Жоба аясында көмекке мұқтаж 225 жалғызбасты қарт мен мүгедектер, аз қамтылған отбасылар түскі аспен қамтамасыз етіліп келеді. Қазақ халқы «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деген. Бұл – халықтың ғасырлар бойғы құрметінің айқын көрінісі. Сіздердің даналықтарыңыз, өмірлік тәжірибелеріңіз бізге – кейінгі буынға жол көрсетер бағдаршам. Ел ішінің татулығы мен бірлігін сақтауда, ұлттың рухын биік ұстауда ардақты ардагерлеріміздің рөлі ерекше.

Мерейлі мерекеде баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға аمانдық, бақ-береке тілеймін», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

ҚАЛА ӘКІМІ ДЕПУТАТТАРҒА ЕСЕП БЕРДІ



Қала әкімі Нұржан Ахатов қалалық мәслихаттың көзекті XXXII сессиясына қатысты. Жиында шаһар басшысы Қызылорда қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің іске асырылуы жөнінде депутаттар алдында есеп берді. Сондай-ақ, облыс орталығының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде 8 айда атқарылған жұмыстарды қорытындылады.

Биыл жыл басынан бері Қызылорда қаласының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасты. Оның ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 100,6 пайызға, құрылыс жұмыстары 151,4 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 100 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестициялар 114,4 пайызға артты. Ал, жалпы сауда көлемі 102,1 пайызға өссе, жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрады. Қала бюджеті жыл басында 73,1 млрд. теңге болып бекітілсе, осы айда ол 164 млрд. теңгеге жетті.

- Мемлекеттік бағдарламалар

мен қаржылық қолдаулар арқылы тұрғындардың іскерлік белсенділігі артып, кәсіпкерлік көкжиегі кеңеюде. Атап айтқанда, жалпы құны 3,7 млрд. теңге болатын 64 жоба субсидияланып, «Өңірлік инвестициялық орталық» арқылы өнеркәсіп саласының 7 жобасы 293,5 млн. теңгеге қаржыландырылды. Ол кәсіпкерлердің санын 36 000-нан, ал жұмыспен қамтылғандар санын 63 800-ден асыруға ықпал етті, - деді шаһар басшысы.

Қалада алдағы бесжылдықта құны 632,3 млрд. теңгені құрайтын 32 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 5 жарым мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын



ашу жоспарланып отыр. Бүгінде облыс әкімінің инвесторлармен жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде жаңа жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Сол жағалауда жалпы құны 1,05 млрд. теңгені құрайтын екі шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылуда. «Тұмар» ЖК мен «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС базасында азық-түлік, кондитерлік, сүт өнімдерінің өндірісі жолға қойылуда. «Қызылорда-нан» ЖШС 3,8 млрд. теңгеге кондитерлік және макарон өнімдерін өндіретін кешен салып жатыр. «Rem Plast Invest» ЖШС жылына 5,4 мың тонна қағаз өнімін шығаратын зауыттың құрылысын жүргізуде. Құны 34,5 млрд. теңге болатын Оңтүстік Корея технологиясына негізделген қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және өңдеу зауытының құрылысы басталды. Мұнан бөлек, 5 млрд. теңгеге салынған «Қызылорда Саз-М» кіріпін

зауыты іске қосылып, алғашқы өнімін шығарды. Зауыт жылына 90 млн. кірпіш өндіреді, 70 адам жұмыспен қамтылды.

- Қалалық бюджет есебінен 20 көпқабатты үйдің ауалары абаттандырылып, оның аясында 19 футбол, 25 жаттығу, 21 балалар ойын алаңы және 13 демалыс орны салынуда. Тұрғындардың сұранысына сәйкес 27 көпқабатты тұрғын үйдің шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүруде. Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен 20 көпқабатты үйдің қасбеттері жаңалануда, - деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы.

Қазір қала бойынша ауаларды абаттандыру, қызмет көрсету сапасын арттыру, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, халықты жұмыспен қамту және өзге де салалар бойынша жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Сессияда депутаттар көкейдегі сауалдарын қойып, нақты жауаптар алды.

КІТАР TIME-2025

«Қала күні» мерекесі аясында Орталық алаңдағы «Өнер арбатында» Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай «КітарTime-2025» IV жалпы республикалық кітап фестивалі өтті.

Мәдени шарада қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай қаланың тарихына тоқталып, кітаптың мән-маңызын түсіндіріп, кітап адамзаттың ең басты серігі болып қала беретінін айтты. Жәрменкеде қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Алаштың анасы – бақыттың қаласы Қызылорда» атты кітап көрмесін таныстырды. Көрмеге «Ақмешіт» мұражайында сақтаулы тұрған 1925-1928 жылдары жарық көрген ақын-жазушылардың ең алғаш шыққан кітаптары қойылды. Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы жоғары оқу орындары мен колледждердің кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мұнда әлем және қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары, балаларға арналған ертегілер мен энциклопедиялық еңбектері паш

етілді.

Сонымен қатар, өзге өңірлерден «Қасым», «Сана», «Мазмұндама» баспалары, жергілікті «Атамұра», «Кітап ал» дүкендері өз кітаптарын ұсынып, сатылымға шығарды. Жастар арасында «QAZAQSHA QUILZ» интеллектуалды сайысы өткізіліп, жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар берілді.

Мерекелік шарада қала әдебиеті мен мәдениетіне елеулі еңбек етіп жүрген оқырмандар қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Одан бөлек, «Үздік кітапхана», «Үздік кітапханашы», «Үздік оқырман отбасы» номинациясы табысталды. Кітап жәрменкесіне 1000-ға жуық оқырман келіп, көрмені тамашалады. Ерекше айта кету керек, бүгінгі шарада жастар белсенділік танытып, жәрменкенің көрігін қыздырды.



СЫР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ЖҰЛДЫЗ ҚҰРАҒЫ

Қаламызда осы тақырыпта шаһардың ғасырлық мерейтойына арналған мәдени шара өтті.


Таңғажайып талантымен талайларды тамсандырған қазақ қолөнерінің қарапайым да қайталанбас түрі – қиыстырып құрақ кию, одан көздің жауын алатындай өте бағалы бұйымдар жасау. Оның қымбат құндылығының бір айғағы құрақтан жасалған заттардың ұзатылатын қыз жасауына еніп, бұл дүние-мүлктің ажарын арайландырып жіберетіні, үй ішіне ұлттық рең беріп, адамның рухын асқақтататыны. Мерейтой аясында ұйымдастылған «Сыр шеберлерінің жұлдыз құрағы» атты мәдени-көпшілік шара - халқымыздың бай мұрасын, ұлт өнерін, қолөнер шеберлерінің талантын дәріптейтін маңызды алаң.

Сыр өңірі - елдігіміздің, мемлекетіміздің қалыптасуына үлес қосқан, тарихы терең, мәдениеті бай мекен. Сондықтан бүгінгі шараның мәні де, маңызы да ерекше» деген қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев мерекеге тарту жасаған Сыр шеберлеріне ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар, 100-ден астам шебердің ортақ іске бас біріктіруіне мұрындық болған белгілі қолөнер шебері

Ұржамал Жайбергеноваға қала әкімінің арнайы алғыс хатын табыстап, құрмет жасады. Облыстық Кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық кәсібін заңдастырып, ұлттық оюларымызды жаңғыртуға үлес қосып жүрген қолөнер шеберлерінің игі бастамасына

сәттілік тіледі.

Өз кезегінде Ұржамал Әбдібайқызы «Жұлдыз құрағы» деген атаудың мағынасы - ел ішіндегі береке мен бірліктің, шеберлік пен шабыттың символы екенін айтып, қолдау жасаған қала басшылығына алғыс білдірді.



ВЕЛОМАРАФОН ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы және Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына арналған Қызылорда қаласынан бастау алған веломарафон Жалағаш ауданының орталық стадионында салтанатты түрде қорытындыланды. Веломарафон «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Қызылорда облыстық прокуратурасының ұйымдастыруымен өткізілді. Сөреде қатысушылар мен жеңімпаздарды Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров құттықтап, оларға арнайы медальдар мен дипломдар табыс етті.

Марафонның басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, жастарды спортқа баулу және құқықтық мәдениетті арттыру болды.

Бейнеу ауданы әкімдігінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Бос лауазымның атауы: Бейнеу ауданының әкімдігінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры
Отбасын қолдау орталығының негізгі қызметі – отбасыларға жан-жақты көмек көрсету, олардың әлеуметтік, психологиялық, құқықтық және экономикалық мәселелерін шешуге жәрдемдесу.

Негізгі қызмет бағыттары:

- Әлеуметтік қолдау
 - Көпбалалы, аз қамтылған және әлеуметтік осал топтағы отбасыларға көмек көрсету;
 - Мемлекеттік жәрдемақылар, жеңілдіктер туралы кеңес беру;
 - Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды уақытша қолдау;
 - Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен балаларға жедел көмек көрсету;
 - Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша шаралар.
- Психологиялық көмек:
 - Отбасылық дағдарыстар мен қақтығыстарды шешуге көмектесу;
 - Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту;
 - Психолог мамандардың жеке және топтық консультациялары;
- Құқықтық кеңес:
 - Отбасылық құқық; бала тәрбиесі, алимент, некені бұзу және басқа да мәселелер бойынша кеңес беру;
 - Құқық қорғау органдарына бағыттау;
- Экономикалық қолдау және кеңес:
 - Жұмыспен қамту мәселелері бойынша кеңес беру;
 - Кәсіпкерлікке баулу, шағын бизнес ашу туралы ақпарат беру;
 - Кәсіптік бағдар беру және қайта оқыту курстарына жолдау;
- Тәрбиелік және ағартушылық жұмыстар:
 - Ата-аналарға арналған семинарлар, тренингтер, шеберлік сабақтары;
 - Отбасы құндылықтарын насихаттау;
 - Жастар арасында отбасы институтын дәріптеу;

Орналасқан жері: 130100, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Қарағайлы көшесі - 90 ғимарат

Лауазым: Бейнеу ауданы әкімдігінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры – 1 бірлік

1. Азаматтық қызметшінің лауазымдық жалақысы:

Категория	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақы (теңге)	
A1-3	181 571,00 бастап	208 471,00 дейін

Конкурс қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары: Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және басшы лауазымында жұмыс стажы кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар:

Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік органдардың кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметін реттейтін, экономиканың және экономиканың тиісті саласының, жалпы Қазақстан Республикасының дамуының басым бағыттарын айқындайтын заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері, ұйымның техникалық, экономикалық және әлеуметтік даму перспективалары, стратегиясы, басымдықтары, ұйымның қызметіне қатысы бар басқа да органдардың әдістемелік және нормативтік материалдары, ұйымның бейіні, ерекшелігі және құрылымның ерекшелігі, ұйымның өндірістік қуаты мен кадр резерві, ұйымның өнім өндіру технологиясы, салық заңнамасы, ұйымның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметінің бизнес жоспарларын жасау және келісу тәртібі, ұйымның шаруашылығын жүргізу және басқаруды замануи әдістері, стратегиялық жоспарлау, нарық-сыртқы және ішкі (өзінің секторы және онымен өзара байланыс) конъюнктура, бәсекелестер, өнім жеткізушілер мен тұтынушылар, ұйымға өзінің нарықтағы жай-күйін айқындауға және жаңа өткізу нарығына шығу бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік беретін экономикалық индикаторлар жүйесі, практикалық маркетинг, жарнама техникасы, сауды басқару, әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу тәртібі, еңбек заңнамасы, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 25.12.2015ж. №1017 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары

негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар:

- қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);
- лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
- еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;
- «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсынады.

Азаматтық қызметке тұру кезінде, ол адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады. Осы тармақта көзделген қажетті құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдарды) ұсынуға құқылы.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды мына мекен-жайға тапсыру қажет: 130100, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжібев көшесі, 10/2 ғимарат; Кеңсе кабинеті (Кадр бөлімі) Құжаттарды қабылдау мерзімі: Сайтқа жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн. Анықтама телефоны: 8/72932/5-06-58. Электронды пошта: a.sulta-pova1@manystau.gov.kz. Әңгімелесу өткізу орны: 130100, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжіұлы көшесі, №10/2 ғимарат.

Жемқорлыққа жол жоқ!

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы

және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Қанат НЕСІПБАЕВ,
Шаған ауылдық округінің әкімі

Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратында жеке және заңдытұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру туралы

«Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 29 маусымдағы №350-VІӨкімшілік Рәсімдік – Процестік кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148Заңына сәйкес:

- Ақжар ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың ІV-тоқсанындағы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
- Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақжар ауылдық округінің әкімі

Н.Тұрсынбаева

Ақжар ауылдық округі әкімінің
2025 жылғы « 24 » _____ 09
№_43_____ өкіміне І қосымша

Ақжар ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың ІV-тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның адымын Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрсынбаева Нұржамал Бектайқызы	Ауыл әкімі	сәрсенбікүні сағат: 15.00-18.00	Ақжар ауылы, Ораз-ахун көшесі, 14 үй	2-70-01
Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-70-01					

БОС ЛАУАЗЫМҒА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Төлебаев көшесі №39, анықтама үшін 8 (7242) 27-80-86 факс, 8 (7242) 26-33-69, эл.мекен жайы usso.shtab-kzo@mvd.gov.kz бос орындарға үміткерлерді қабылдауға хабарландыру жариялайды:

№	Лауазымы	Санаты	Лауазымдық жалдаы	Лауазымдық жалақы+30% экологиялық төлем
1	Полицей	C-SV-12	153 887 тенге	200 053 тенге

1. Саптық бөлінісінің полицейі (C-SV-12), (қатардағы және кіші басшы құрам).

Функционалдық міндеттері:Қылмыстық және өзге де қолсұғушылықтардан мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіз жұмыс істеуін күзет (режимдік) іс-шараларын жүзеге асыру жолымен қамтамасыз ету, бекет аймақтарында және патрульдеу бағыттарында полицияның кешенді күштері құрамында қоғамдық тәртіпті сақтауды және құқық бұзушылықтарға қарсы күресті қамтамасыз ету. Ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерімен қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау, жолын кесу бойынша өзара іс-қимыл жасау.

Кандидаттарға қойылатын негізгі талаптар:білімі орта, бойы - 170 сантиметрден кем емес, жасы – отыз бес жастан жоғары емес, талапқа сәйкес білімі, жедел әскери қызметінен немесе әскери-техникалық мектебінен өткен. Осы категория бойынша өтінім берген азаматтар, зейнетақы алуға жеткен жаста (қырық сегіз жас) Ішкі істер органдарындағы еңбек өтілі үздіксіз жиырма бес жыл болуы тиіс.

Қызылорда облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімі

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРИЁМЕ КАНДИДАТОВ НА ВАКАНТНЫЕ ДОЛЖНОСТИ

Государственное учреждение Управление специализированной службы охраныКызылординской области Министрства внутренних дел Республики Казахстан, г.Кызылода, ул. Түлебаева № 39, телефон для справок. 8 (7242) 27-80-86 факс, 8 (7242) 26-33-69, эл.адрес usso.shtab-kzo@mvd.gov.kzобъявляет о прѐме кандидатов на вакантных должностей:

№	Должность	категория	Должностной оклад	Должностной оклад+30% экологическая надбавка
1	Полицейский	C-SV-12	153 887 тенге	200 053 тенге

1.Полицейский строевого поодразделения (C-SV-12), (рядовой и младший начальствующий состав).

Функциональные обязанности: Обеспечение безопасного функционирования объектов, подлежащих государственной охране, от преступных и иных посягательств, путем осуществления охранных (режимных) мероприятий, обеспечения охраны общественного порядка и борьбы с правонарушениями в зонах постов и маршрутов патрулирования нарядов. Взаимодействие с другими подразделениями органов внутренних дел по предупреждению, выявлению, пресечению преступлений и административных правонарушений.

Основное требование к кандидатам: среднее образование. Рост не ниже 170 сантиметров, Возраст не старше тридцать пяти лет, имеющие соответствующее образование, прошедшие срочную военную службу или военно-техническую школу. Граждане, подавшие заявки на участие в конкурсе по данной категории, при наступлении пенсионного возраста (сорок восемь лет) должны иметь выслугу двадцать пять лет службы в органах внутренних дел.

Отдел по работе с личным составом Управление специализированной службы охраны Кызылординской области

Қызылорда облысының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлеріне

ЕСКЕРТУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГҚБ Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Сырдария, Шнелі, Жаңақорған аудандары аумағында километрлік бағаналармен және ескерту таңбаларымен белгіленген «Ақшабұлақ-Қызылорда», «Бейнеу-Бозой-Шымкент», «Сарыарқа» жоғары қысымды газ құбырлары, компрессорлық станциялар және газ-бұрымы - бұрмалар жүргізілгендігін, МГҚ құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарымен және құрылыстарымен, АГТС орналасқанын ескертеді.

Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» заңы және Қазақстан Республикасында «Байланыс желілерін күзету» ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары: - табиғи газды тасымалдайтын магистральдық құбыр трассалары бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

- байланыс желілерінің трассасы бойында - байланыс желісінің білігінен әр жағынан 2 метр қашықтықта орналасатын шартты сызықтармен шектелген жер телімі түрінде белгіленеді;

- компрессорлық және газ тарату станциялары төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады.

Магистральдық құбырлардың күзет аймақтары шегіндегі жерлер жер пайдаланудың ерекше режиміне ие және олар жер учаскелерінің меншік иелерінен, жер пайдаланушылардан алынбайды.

«Магистралды газ құбырлары» ҚР ЕЖ Б-Қосымшасында құбырдың нысандарға дейінгі ең аз қашықтығы бекітілген.

ТҒЙЫМ САЛЫНАДЫ:

Құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймағында құбыр желілерін және байланыс желілерін қалыпты пайдалануын бұзуы мүмкін, немесе олардың зақымдалуына әкелуі мүмкін кез-келген түрдегі әрекеттерді жүргізуге, атап айтқанда:

- өткелдерді, кара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;
